

**БЕКІТІЛДІ**  
**«Виктория» СК» АҚ**  
**Директорлар кеңесі**  
**2023 жылдың «27» желтоқсандағы**  
**№42 Хаттама**

*27.12.2023 жылғы өзгертулермен*

**«ВИКТОРИЯ» СК» АҚ**  
**ЖЕКЕ НОТАРИУСТАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ**  
**ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ**  
**ЕРЕЖЕСІ**

**Алматы қ., 2023 жыл**

## МАЗМҰНЫ

1.	<b>ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР</b>	3
2.	<b>САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИ</b>	4
3.	<b>САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ</b>	4
4.	<b>САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ</b>	4
5.	<b>САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ</b>	4
6.	<b>САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ</b>	4
7.	<b>САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫң ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРИ</b>	6
8.	<b>ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕР</b>	7
9.	<b>САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУ ҮШИН ҚАЖЕТ ҚҰЖАТТАР</b>	8
10.	<b>САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ</b>	9
11.	<b>ЗИЯН КЕЛТІРГЕН ТҮЛГАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ</b>	10
12.	<b>САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БОСАТУ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БАС ТАРТУ</b>	11
13.	<b>САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ӨЗГЕРТУ</b>	12
14.	<b>САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ</b>	12
15.	<b>ЖЕКЕ НОТАРИУСТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫң ЖАРАМСЫЗДЫҒЫ</b>	12
16.	<b>ЖЕКЕ НОТАРИУСТАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТАРЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША ДаУЛАРДЫ РЕТТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ</b>	12
17.	<b>ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР</b>	13

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

**1.1.** Бұл Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сактандыру ережесі (бұдан әрі – «Сактандыру ережесі») Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, 2000 жылғы 18-желтоқсандағы №126-II «Сактандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, 2003 жылғы 11-маусымдағы №435-II «Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сактандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – «Зан») сәйкес әзірленді.

**1.2.** «Виктория» СК» АҚ (бұдан әрі – Сактандырушы) осы Сактандыру ережесінің шарттарымен жеке нотариуспен (бұдан әрі – Сактанушы) міндettі сактандыру шартын (бұдан әрі – «сактандыру шарты») жасау арқылы жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сактандыруды («жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сактандыру») жүзеге асырады.

**1.3.** Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сактандырудың мақсаты – жеке нотариус нотариалдық іс-әрекеттерді жүзеге асыру нәтижесінде зиян келген үшінші тұлғаларға сактандыру төлемдерін төлеу арқылы олардың мұліктік мұддесін қорғау.

**1.4.** Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіптегі қызмет атқаратын жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндettі сактандыруға жатады.

**1.5.** Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шартын жасамайынша жеке нотариустың нотариалдық іс-әрекет жасауға құқығы жоқ.

**1.6.** Сактандыру ережесінде келесідей түсініктер қолданылады:

- 1) пайда алушы – осы Заңға сәйкес сактандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;;
- 2) жеке нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі – жеке нотариустың нотариаттық іс-әрекеттерді жасау нәтижесінде келтірілген зиянды өтеуінің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген міндeti;
- 3) сактанушы – Сактандырушымен жеке нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сактандыру шартын жасасқан жеке нотариус;
- 4) сактандыру төлемі – Сактандырушы сактандыру жағдайы басталған кезде Сактанушыға (Пайда алушыға) сактандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;
- 5) сактандыру сыйлықақысы – Сактанушы Сактандырушыға соңғысы жеке нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сактандыру шартында айқындалған мөлшерде Пайда алушыға сактандыру төлемін жүргізу міндettемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндettі ақша сомасы;
- 6) сактандыру сомасы – сактандыру обьектісі сактандырылған және сактандыру жағдайы басталған кезде Сактандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
- 7) сактандыру жағдайы – басталуына орай сактандыру шарты сактандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;
- 8) сактандырушы – сактандыру ұйымы ретінде тіркелген және сактандыру қызметін жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар, сактандыру жағдайы басталған кезде Сактанушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (Пайда алушыға) шартта айқындалған сактандыру сомасы шегінде сактандыру төлемін жүргізуге міндettі заңды тұлға;
- 9) үшінші тұлға – жеке нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сактандыру шартының тарапы болып табылмайтын, жеке нотариус жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңнамасына сәйкес жеке нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сактандыру шартын жасасуға міндettі нотариаттық іс-әрекеттер жасауға байланысты кәсіби міндettерін жеке нотариустың орындауы кезінде мұліктік мұдделеріне зиян келтірілген тұлға;
- 10) жеке нотариус – нотариаттық іс-әрекетті нотариаттық қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензия негізінде заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын және аумақтық әділет органында есепке алу тіркеуінен өткен Қазақстан Республикасының азаматы;
- 11) франшиза – Сактандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату;

12) Уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі орган.

## 2. САКТАНДЫРУ ОБЪЕКТИ

**2.1.** Жеке нотариустың нотариаттық қызметтерді жасауы нәтижесінде үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу міндettіне байланысты мүліктік мүдделері жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сактандыру обьектісі болып табылады, оларды жүзеге асыру үшін жеке нотариус Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңдарына сәйкес жеке нотариустың жауапкершілігіне міндettі сактандыру шартын (бұдан әрі - нотариаттық іс-әрекеттер) жасасуға міндettі.

## 3. САКТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

**3.1.** Жеке нотариустың нотариаттық іс-әрекеттерді жасау нәтижесінде үшінші тұлғалардың мүліктік мүдделеріне келтірілген зиянды өтеу бойынша Сактанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шарты бойынша сактандыру жағдайы деп танылады.

## 4. САКТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

**4.1.** Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шарты бойынша сактандыру сомасының мөлшері оның талаптарымен белгіленеді және қызметін республикалық маңызы бар қалалар, астана аумағында жүзеге асыратын нотариустар үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шартын жасасу күнгі белгіленген - 1000, өзге нотариустар үшін - 500 еселенген айлық есептік көрсеткіштен кем болмауга тиіс.

## 5. САКТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

**5.1.** Сактандыру шарты бойынша сактандыру сыйлықақысының мөлшері тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, бірақ жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шартының талаптарында айқындалған сактандыру сомасының 4,5 рооцентінен көп болмауга тиіс.

**5.2.** Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шарты бойынша сактандыру сыйлықақысын төлеудің тәртібі мен мерзімдері тараптардың келісімімен белгіленеді.

**5.3.** Егер жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда кезекті сактандыру жарнасының уақтылы төленбегені үшін Сактанушы Сактандырушыға өзгөнің ақшасын заңсыз пайдаланғаны ретінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндettі.

## 6. САКТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

**6.1.** Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру осы Заңға және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес Сактандырушы мен Сактанушы арасында жеке нотариус нотариаттық іс-әрекеттерді жүзеге асыру кезінде мүліктік мүдделеріне зиян келтірілуі мүмкін үшінші тұлғаның пайдасына жасалатын шарттың негізінде жүзеге асырылады. Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шарты міндettі сактандырудың осы түрі бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар Сактандырушымен ғана жасалады. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, аталған Сактандырушы үшін мұндай шартты жасасу міндettі болып табылады.

**6.2.** Жеке нотариус өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сактандыру шартын нотариаттық іс-әрекеттерді бастағанға дейін жасасуға міндettі.

**6.3.** Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шартында Сақтанушының нотариаттық іс-эрекеттерді жасауы кезінде үшінші тұлғаларға келтірілген зиянның салдарынан туындаған міндettемелер бойынша моральдық шығынды, ала алмаған пайданы өтеуді және тұрақсыздық айыбын төлеуді қоспағанда, сактандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді.

**6.4.** Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шарты сактандыру полисін Сақтандырушының электрондық нысанда ресімдеуі арқылы жасалады.

**6.5.** Сақтанушының қалауы бойынша жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шарты Сақтандырушыға жазбаша жүргіну не Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстар алмасу арқылы жасалуы мүмкін.

**6.6.** Сақтандыру шартында көрсетілуге жататын талаптардың толық болмағаны үшін Сақтандырушы жауапты болады. Сақтандыру шарты бойынша оның жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан дау туындаған жағдайда, дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.

**6.7.** Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру бойынша сактандыру полисінің мазмұны мен ресімделуі жөніндегі талаптар Қазақстан Республикасының сактандыру және сактандыру қызметі туралы заннамасында белгіленеді. Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шартының жазбаша нысанын сактамау – оны жарамсыз деп тануға әкеп соқтырады.

**6.8.** Егер жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шарты Сақтанушының немесе үшінші тұлғалардың жағдайын Заңда көзделгенмен салыстырғанда нашарлататын талаптармен жасалса, онда сактандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Сақтанушы мен үшінші тұлғалардың алдында Заңда белгіленген талаптар бойынша міндettі болады.

**6.9.** Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шартын электрондық нысанда жасасу және сол бойынша сактандыру жағдайларын реттеу кезінде дереккор қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым, Сақтандырушы және Сақтанушы (пайда алушы) арасында электрондық ақпараттық ресурстар алмасу үшін Сақтандырушының интернет-ресурсы және (немесе) ақпараттық жүйесі пайдаланылады.

**6.10.** Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шартын электрондық нысанда жасасу үшін өтініш беру кезінде Сақтанушыдан мамандандырылған бағдарламалық қамтылымды пайдалану талап етілмейді.

**6.11.** Сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу және сол бойынша сактандыру жағдайларын реттеу үшін пайдаланылатын Сақтандырушының интернет-ресурсына сілтеме Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның интернет-ресурсында орналастырылады.

**6.12.** Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым мен Сақтандырушы арасында, Сақтандырушы мен Сақтанушы (сактандырылушы, пайда алушы) арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу тәртібі қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

**6.13.** Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шартын Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасасу кезінде Сақтандырушы:

- 1) Сақтанушыға жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шартын жасасу не оны жасасудан бас тарту (бас тарту себептерін көрсете отырып) туралы хабарламаны электрондық хабар түрінде дереу жөнелтуді;
- 2) Сақтанушының жасалған сактандыру шарты бойынша ақпаратты Сақтандырушының интернет-ресурсында тексеру мүмкіндігін;
- 3) Сақтанушы (сактандырылушы, пайда алушы) үшін Сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, сактандыру шартының электрондық нысанда сақталуын;
- 4) Сақтанушыға (Пайда алушыға) мыналар:

- а) сактандыру шартын жасау және өзгерту;
- б) жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;
- в) сактандыру жағдайының (сактандыру жағдайы ретінде карастырылатын оқиғаның) басталғаны туралы хабардар ету;
- г) келтірілген зиян мөлшерін айқындау;
- д) сактандыру төлемін алу;
- е) Заңның 19-1. бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сактандыру шартынан туындастын дауларды реттеу

үшін қажет ақпаратты (өтініштер, хабарламалар және (немесе) өзге де құжаттар, мәліметтер) электрондық нысанда жасау және Сақтандырушыға жөнелту мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндettі.

**6.14.** Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шартын жасасу туралы хабарлама дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі үйымнан жіберіледі.

**6.15.** Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шартын жасасу туралы хабарламаның тәртібі мен мазмұнына қойылатын талаптарды уәкілетті орган айқындаиды.

**6.16.** Егер жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шартында өзгеше көзделмесе, жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шартын Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасасу кезінде, осы сактандыру шарты Сақтанушы сыйлықақысын (сактандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда, бірінші сактандыру жарнасын) төлеген күннен бастап жасалды деп есептеледі.

**6.17.** Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шартын Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасасу кезінде Сақтанушы осы Ережеде, Заңда көзделген сактандыру талаптарымен танысқаннан кейін сактандыру сыйлықақысын (сактандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда, бірінші сактандыру жарнасын) төлейді, сол арқылы өзіне ұсынылған талаптарда осы қосылу шартын жасасуға өзінің келісетінін растьады.

**6.18.** Сақтандырушы жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шарттарын Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасасу мүмкіндігін тәулік бойы қамтамасыз етеді.

**6.19.** Сақтандыру агенттерінің нысан иелерінің жауапкершілігін міндettі сактандыру шарттарын жасасу жөніндегі қызметіне жол берілмейді.

**6.20.** Сақтандырушы сактандыру сыйлықақысын Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін береді.

**6.21.** Сақтандырушы сактандырушының интернет ресурсын және (немесе) басқа үйымдардың интернет-ресурстарын пайдаланған кезде «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 15-2. бабының 1-тармағына және 2-тармағының екінші бөлігіне сәйкес, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актінде белгіленген тәртіpte, Сақтанушыға (сактандырылуышыға) сактандыру келісімшартының қолданыс мерзімі аяқталғаны туралы алдын ала хабарлауды қамтамасыз етеді.

## **7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ**

**7.1.** Егер жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда ол Сақтанушы сактандыру сыйлықақысын төлеген, ал оны мерзімін ұзартып төлеген кезде - бірінші сактандыру жарнасын төлеген кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндettі болады.

**7.2.** Сақтандыру шарты күшіне енгізілген күннен бастап 12 (он екі) ай мерзімге жасалады..

**7.3.** Сақтандырушылық қорғаудың қолданылу кезеңі сактандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

**7.4.** Егер сактандыру шартында өзгеше көзделмесе, сактандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

## 8. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕР

### 8.1. Сақтандырушы:

- 1) жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сактандыру шартын жасасқан кезде Сактандышыдан жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандырудың осының алдындағы шарттары, сақтандыру жағдайлары, сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартына енгізу үшін қажетті өзге де мәліметтерді беруін талап етуге;
- 2) Сактандыш келтірген зиянды өтеу туралы үшінші тұлғалардың талаптарына байланысты мәселелерді реттеуге қатысуға;
- 3) «Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сактандыру туралы» Занда көзделген жағдайларда келтірілген зиян үшін жауапты тұлғаға кері талап құқығын қоюға;
- 4) осы Сақтандыру ережесінің 12-тарауында көзделген негіздер бойынша сактандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға құқылы;
- 5) Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа құқықтары.

### 8.2. Сақтандырушы:

- 1) Сактандышыны жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сактандыру шарттарымен таныстыруға, оның жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге және соның талабы бойынша Сақтандыру ережесінің ққшірмесін ұсынуға (жіберуге);
- 2) жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандырып қорғаудың қолданысы кезеңінде басталған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) туралы хабардар етілген кезінде оны уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес дереу тіркеуге және дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға осы сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) жөнінде мәліметтер ұсынуға;
- 3) Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жеке нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде Сактандышға сақтандыру сыйлықақысын толық немесе ішінара қайтаруға;
- 4) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және Сақтандырушы өтеуге тиісті зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға;
- 5) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін осы Сақтандыру ережесінде көзделген тәртіппен және шарттар бойынша жүргізуға;
- 6) Сактандышға оның сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында жұмсаған шығыстарын өтеуге;
- 7) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 8) сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмаған кезде Пайда алушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті;
- 9) Сақтандышыдан (Пайда алушыдан) өтінішті алған кезде бес жұмыс күні ішінде Сактандышының (Пайда алушының) талабын қарауға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;
- 10) Сактандышыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды алынған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына қайта жіберуге;

11) Сактандырушиның Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа міндettтері.

### 8.3. САҚТАНУШЫ:

- 1) Сактандырушидан жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандырудың талаптарын, жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шарты бойынша өздерінің құқықтары мен міндettterін түсіндіруді талап етуге;
- 2) Сактандырушиның қаржылық есептілігімен танысуға;
- 3) сактандыру төлемін осы Сактандыру ережесінде көзделген тәртіппен және талаптар бойынша алуға;
- 4) "Сактандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сактандыру омбудсманына (тікелей сактандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не Сактандыруши, оның ішінде Сактандырушиның интернет-ресурсы арқылы) жүргізген, келтірілген зиянның мөлшерін бағалау нәтижелерімен және сактандыру төлемі мөлшерінің есеп-қисаптарымен танысуға;
- 5) Сактандыруши (оның ішінде Сактандырушиның интернет-ресурсы арқылы) жүргізген, келтірілген зиянның мөлшерін бағалау нәтижелерімен және сактандыру төлемі мөлшерінің есеп-қисаптарымен танысуға;
- 6) жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шартынан туындастын мәселелерді реттеу үшін Заңың 19-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып Сактандырушиға не сактандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;
- 7) Сактандырушиның Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа құқықтары.

### 8.4. САҚТАНУШЫ:

- 1) сактандыру сыйлықақысын жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде төлеуге;
- 2) жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шартын жасасқан кезде Сактандырушиға осы Заңың талаптарына сәйкес мәліметтерді ұсынуға;
- 3) сактандыру шартын жасау кезінде Сактандырушиға хабарлаған мән-жайларда өзіне белгілі болған едәүір өзгерістер туралы, егер ол өзгерістер сактандыру жағдайының артуына ықпал ететін болса, Сактандырушиға шұғыл түрде, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауға;
- 4) басталуына орай Сактандырушида келтірілген зиянды өтеу міндettі туындаған оқиғаның себептері, барысы және салдары, сондай-ақ келтірілген зиянның сипаты мен мөлшерлері туралы талдау жасауға мүмкіндік беретін, өзінің қолы жетken барлық ақпаратты және құжаттаманы Сактандырушиға ұсынуға;
- 5) үшінші тұлғалардың зиянды өтеу туралы талаптарына байланысты мәселелерді реттеуге қатысуы үшін Сактандырушиға мүмкіндік жасауға;
- 6) сактандыру жағдайынан болатын шығындарды болдырmau немесе азайту жөніндегі шараларды қолдануға;
- 7) сактандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға кері талап қою құқығының Сактандырушиға өтуін қамтамасыз етуге.
- 8) Сактандыруши нотариаттық әрекеттер жасау бойынша қызметтер көрсеткен тұлғаны жеке нотариустың нотариаттық әрекеттерді жасауы салдарынан үшінші тұлғалардың мүліктік мүдделеріне келтірілген зиянды өтеу бойынша өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сактандыру туралы хабардар етуге міндettі;
- 9) Сактандырушиның Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қайшы келмейтін басқа міндettтері.

## 9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУ ҮШІН ҚАЖЕТ ҚҰЖАТТАР

9.1. Сактандыруши сактандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдауы үшін Сактандыруши немесе зардап шеккен (Пайда алушы) келесідей құжаттарды береді:

- 1) сактандыру төлемі туралы өтініш;
- 2) үшінші тұлғалардың зиянды өтеу туралы, келтірілген зиянды және оның мөлшерін растайтын құжаттар қоса берілген талабы немесе нотариаттық іс-эрекеттерді жасау нәтижесінде Сақтанушы келтірген зиянды өтеу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі;
- 3) Пайда алушының жеке басы қуәлігінің (жеке тұлға үшін) көшірмесі немесе заңды тұлғаның өкіліне берілген сенімхат;
- 4) зиянды болдырмау және мөлшерін азайту жөнінде шаралар қолдануға байланысты шығыстарды растайтын құжаттар.

**9.2.** Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдау күнін көрсете отырып, өтініш берушіге анықтама беруге міндettі.

**9.3.** Сақтанушы (Пайда алушы) сактандыру төлемі туралы талабын электрондық нысанда жөнелткен жағдайда, Сақтандырушы оған осы анықтаманы электрондық нысанда ұсынуы мүмкін.

**9.4.** Сақтандыру жағдайын электрондық нысанда реттеу үшін өтініш берген кезде Сақтанушыдан мамандандырылған бағдарламалық қамталымды пайдалану талап етілмейді.

## **10. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ**

**Сақтандыру жағдайын және сактандыру төлемінің мөлшерін айқындау.**

**10.1.** Сақтандыру жағдайы Сақтанушы келтірген зиянды өтеу туралы соттың шешімі заңды күшіне енген не Сақтанушының үшінші тұлғалардың зиянды өтеу туралы талаптарын негізді деп таныған және Сақтанушының талаптарды тануына Сақтандырушы келіскең күннен басталған деп есептелінеді.

**10.2.** Сақтандыру төлемінің мөлшерін Сақтандырушы үшінші тұлғалар талап еткен сомага немесе соттың осы Сақтандыру ережесінің 6.3-тармағына сәйкес келтірілген зиянды өтеу туралы шешімі заңды күшіне енуіне орай айқындауды.

**10.3.** Сақтанушының шығынды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстары, егер мұндай шығыстар қажетті болса немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жұмсалса, егер тиісті шаралар тіпті сәтсіз болса да, Сақтандырушының өтеуіне жатады.

Мұндай шығыстар нақты мөлшерінде өтеледі, бірақ сактандыру төлемінің және шығыстар өтемінің жалпы сомасы жеке нотариустардың жаупкершілігін міндettі сактандыру шартында көзделген сактандыру сомасынан аспауға тиіс, егер шығыстар Сақтанушы Сақтандырушының нұсқауларын орындауды нәтижесінде туындаған болса, олар сактандыру сомасына қатыссыз толық мөлшерінде өтеледі.

**Франшиза**

**10.4.** Эрбір сактандыру жағдайы бойынша франшизаның мөлшері тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, бірақ бұл ретте жеке нотариустардың жаупкершілігін міндettі сактандыру шартында белгіленген сактандыру сомасының бес процентінен аспауға тиіс. Келтірілген зиянның мөлшері франшизаның белгіленген мөлшерінен асып кеткен жағдайларда сактандыру төлемі толық мөлшерде жүзеге асырылады.

**Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың талаптары және тәртібі**

**10.5.** Сақтанушы не үшінші тұлға Сақтандырушыға сактандыру төлемі туралы талапты сактандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті құжаттарды қоса бере отырып, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес жазбаша нысанда, оның ішінде Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қояды.

Сақтандырушының талап етуі бойынша өтініш беруші Сақтандырушы қол жеткізе алатын мемлекеттік органдардың дерекқорларында және (немесе) ақпараттық жүйелерінде электрондық нысанда бар құжаттарды қоспағанда, Сақтандырушыға сактандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті құжаттардың түпнұсқаларын ұсынуға міндettі.

**10.6.** Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде Пайда алушыдан оның Сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттар қабылдауын талап етуге құқылы емес.

**10.7.** Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы Сақтандыру ережесінің 9.1-тармағында көзделген құжаттарды алған құннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей жасайды.

**10.8.** Сақтандыру төлемінің мөлшеріне жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартының тараптары немесе үшінші тұлғалар дау айтқан жағдайларда Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы Сақтандыру ережесінің 10.7-тармағында белгіленген мерзім ішінде аталған тұлғалардың бірде-бірі дау айтпаған бөлігінде жүзеге асуруға міндettі.

Сақтандыру төлемінің дау айтылған бөлігін Сақтандырушы бітім келісімі жасалған және оны сот бекіткен құннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде, не, егер сот шешімді шұғыл түрде орындауды үйғармаса, осы дау бойынша сottың шешімі заңды құшіне енген құннен бастап төлеуі тиіс.

**10.9.** Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартының колданылу кезеңінде үшінші тұлғалардың мұліктік мұдделеріне келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі туралы талап Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы басталған кезден бастап 3 (үш) жыл ішінде қойылуы мүмкін.

### Пайда алушки

**10.10.** Жеке нотариустың жекелеген нотариаттық іс-эрекеттерді жасауы нәтижесінде зиян келтірілген үшінші тұлға, ал үшінші тұлға қайтыс болған жағдайда (қайта үйымдастырылғанда) - оның мұрагерлері (құқық мирасқорлары) Пайда алушки болып табылады).

**10.11.** Сақтанушы немесе үшінші тұлғага (мұрагерлерге (құқық мирасқорларына) келтірілген зиянды Сақтандырушының Занда белгіленген жауапкершілігі көлемінің шегінде өтеген және өз шығындарының сақтандырушыдан өтелуіне құқық алған Сақтанушы немесе өзге де тұлға Пайда алушки болып табыла алады.

**10.12.** Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалану арқылы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу кезінде Сақтандырушы келесілерді қамтамасыз етуге міндettі:

- 1) сақтандыру жағдайын реттеу процессынің негізгі кезендері туралы, оған реттеу үшін құжаттарды қабылдаудан бас тартуды (бас тартудың себептерін көрсетіп) қоса, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актімен белгіленген тәртіпте электрондық түрде Сақтанушыға (сақтандырылушыға) хабарлау;
- 2) Сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушкиның) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайына қатысты ақпаратты Сақтандырушының интернет-ресурсында тексеру мүмкіндігі;
- 3) Сақтанушы (сақтандырушы, пайда алushi) үшін Сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қол жеткізуі қамтамасыз етумен электрондық нысанда сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайына қатысты ақпаратты сақтау.

**10.13.** Сақтандырушы тәулік бойы Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдаланып, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайын реттеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

**10.14.** Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайын реттеу туралы хабарлама дереккор қалыптастыру және жүргізу жөніндегі үйымның атынан жіберіледі.

## 11. ЗИЯН КЕЛТІРГЕН ТҰЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

**11.1.** Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушының Сақтанушыға төленген сома шегінде мынадай жағдайларда:

- 1) Сақтанушы сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-эрекеттер жасағанда;

- 2) Сақтанушы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттер жасағанда;
- 3) Сақтанушының зиянның мөлшерін азайту жөнінде кисынды және қол жетімді шараларды қасақана қолданбауы нәтижесінде зиянның мөлшері ұлғайғанда;
- 4) Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру обьектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлағанда;
- 5) Сақтанушы сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартқанда, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығының өтүі үшін қажетті сақтандыру құжаттарын беруден бас тартқанда кері талап қоюға құқығы бар.

**11.2. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға Сақтанушының сақтандыру нәтижесінде Сақтандырушы өтеген шығындар үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы төленген сома шегінде ауысады.**

## **12. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БОСАТУ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БАС ТАРТУ**

**12.1. Сақтандырушы егер сақтандыру жағдайы:**

- 1) үшінші тұлғалардың сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттерінің;
- 2) үшінші тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттерінің;
- 3) Сақтанушының нотариустың Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңдарында белгіленген функциялары мен міндеттеріне сәйкес келмейтін қызметті жүзеге асыруының;
- 4) Сақтанушы Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңдарын нотариус қызметінің аумағына қатысты талаптарын бұза отырып жасаған нотариаттық іс-әрекеттердің салдарынан болса сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы.

**12.2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан асырудан бас тартуы үшін мыналар да:**

- 1) Сақтанушының шығынды келтіруге кінәлі тұлғадан шығынның тиісті өтемін алуы;
- 2) Занда белгіленген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру жағдайының басталуы туралы Сақтандырушыға хабарламау немесе уақытылы хабарламау;
- 3) Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталуының мән-жайларын тексеру және келтірілген зиянның мөлшерін белгілеу кезінде Сақтандырушыға кедергі келтіруі негіз болуы мүмкін.

**12.3. Егер Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарламау немесе уақытылы хабарламау Сақтанушының еркіне байланысты емес себептермен негізделсе немесе сақтандыру шартымен дәлелді себептерге жатқызылса және аталған фактіні раставтын тиісті құжаттар ұсынылған болса, ол жағдай сақтандыру төлемін төлемеу үшін негіз болып табылмайды.**

**12.4. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:**

- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивтік уланудың әсері;
- 2) соғыс қымылдарының;
- 3) азамат соғысының, түрлі сипаттағы халық толқуларының, жаппай тәртіпсіздіктердің немесе ереуілдердің салдарынан туындаса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

**12.5. Сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер бар кезде Сақтандырушы осы Сақтандыру ережесінің 9-тарауында көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы өтініш берген тұлғаға бас тарту себептерінің уәжді**

негізdemесімен және Сақтанушының (Сактандырылушкиның, Пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сактандыру омбудсманына жүргіну құқығы туралы хабарламамен сактандыру төлемінен толық немесе ішінara бас тарту туралы тиісті шешімді жазбаша нысанда жіберуге міндettі.

**12.6.** Сақтандырушының осы тарауда көзделмеген негіздер бойынша сактандыру төлемінен бас тартуға құқығы жоқ.

**12.7.** Сактандыру омбудсманы дауды реттеу тәртібін сактаған жағдайда Сақтандырушының сактандыру төлемін төлеуден бас тартуы жайында Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіpte және шарттармен Сақтанушының (Сактандырылушкиның) және (немесе) Пайда алушы болып табылатын өзге тұлғаның сотқа шағымдануына болады.

### **13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ӨЗГЕРТУ**

**13.1.** Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

### **14. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУШАРТТАРЫ**

**14.1.** Сақтандыру шарты мынадай жағдайларда:

- 1) сактандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанда;
- 2) сактандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылғанда;
- 3) Сақтандырушы сактандыру төлемін (сактандыру төлемдерін) жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шартының талаптарында белгіленген сактандыру сомасы мөлшерінде жүзеге асырғанда өзінің қолданылуын тоқтатады.

**14.2.** Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатудың тәртібі, шарттары және салдары Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес айқындалады.

### **15. ЖЕКЕ НОТАРИУСТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЖАРАМСЫЗДЫҒЫ**

**15.1.** Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шартын жарамсыз деп танудың шарттары, негіздері және салдары Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес айқындалады.

### **16. ЖЕКЕ НОТАРИУСТАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ-КҮККҮЙКТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

**16.1.** Жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шартынан туындастын дау болған кезде Сақтанушы (Пайда алушы) талаптарын көрсетіп және өзінің талабын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша өтінішін Сақтандырушыға (оның ішінде Сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге не "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, жеке нотариустардың жауапкершілігін міндettі сактандыру шартынан туындастын дауларды реттеу үшін өтінішін сактандыру омбудсманына (тікелей сактандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не Сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) немесе сотқа жіберуге құқылы.

**16.2.** Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) өтінішті алған кезде оны бес жұмыс күні ішінде қарайды және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып жазбаша жауап береді.

**16.3.** Сақтанушы (Пайда алушы) сактандыру омбудсманына өтініш жасаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушының (Пайда алушының), сактандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешүге қатысты құжаттарды сұрау салу алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндettі.

## 17. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

**17.1.** Қазақстан Республикасының жеке нотариустардың азаматтық-күккүйк жауапкершілігін міндettі сактандыру туралы заңдарын бұзуга кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

**17.2.** Сақтанушы өзінің қолтаңбасымен Сактандырушының немесе үшінші тұлғаның №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Сақтанушының, Сақтандырылушкиның (Пайда алушының) дербес деректерін жинауга, өндеуге, сақтауға және беруге өз келісімін, сондай-ақ Сақтандырылушкиның (Пайда алушының) келісімін береді:

- 1) «Мемлекеттік кредиттік бюро» Акционерлік қоғамынан (бұдан әрі – Бюро) Сақтандырушының деректер алуына;
- 2) мемлекеттік деректер базасы иелерінің Бюроға Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) туралы ақпаратты тікелей немесе үшінші тұлғалар туралы беруіне;
- 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызмет атқаратын заңды тұлғаға Сақтанушы (Сақтандырылушы (Пайда алушы) туралы қолда бар және келешекте келіп түсетін ақпаратты Бюроға және Бюро арқылы Сақтандырушыға беруге.
- 4) дербес деректерді шекара асырып беруге және дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруге;
- 5) Сақтандрушының қызмет мақсатын жалпы іске асуру үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 830-бабының 4-тармағына сәйкес Сақтандырушының сақтандыру құпиясын ашуына.

**17.3.** Сақтандырушы дербес деректерді сақтау мерзімін келешекте дербес деректерді сақтаудың қажеттілігі қалмағанша белгілейді. Дербес деректер Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ Сақтандырушының жалпы қызмет мақсаттарын іске асуру үшін пайдаланылады.

**17.4.** Сақтанушы Сақтандырылушкиның (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өндеуіне Сақтандырылушыдан (Пайда алушыдан) жазбаша келісімін, оның ішінде Ереженің 17.2. тармақтың 1)-5) тармақшасында көрсетілген келісімін талап етуге міндettі.

**17.5.** Сақтанушы Сақтандырылушкиның (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өндеуіне Сақтандырылушкиның (Пайда алушының) келісімінің, оның ішінде Ереженің 17.2. тармақтың 1)-5) тармақшасында көрсетілген келісімінің болмағаны үшін жауапты болады.

**17.6.** Сақтандырушы сақтандырушының интернет-ресурсын және (немесе) басқа ұйымдардың интернет-ресурстарын пайдалану кезінде «Сақтандыру қызметі туралы» Заңың 15-2. Бабының 1-тармағына және 2-тармағының екінші абзацына сәйкес, Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды сақтау туралы заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинауды және өндеуді жүзеге асуру кезінде дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етеді.